

КІРІСПЕ АҚПАРАТ

Ересектердің темекі тұтынуы бойынша ғаламдық сауалнама (GATS) ересек тұрғындар арасында темекі тұтынуды жүйелі түрде қадағалау және темекіге қарсы күрестің негізгі көрсеткіштерін бақылау үшін ғаламдық стандартты хаттаманы қолданады. GATS 15 және одан жоғары жастағы тұлғалардан жауап алынатын ұлттық репрезентативті үй шаруашылық сауалнамасы. GATS алғаш рет Қазақстанда 2014 жылы және 2019 жылы екінші рет өткізілді. GATS 2019 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы (ҚДСҰО) және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ақпараттық есептеу орталығымен (АЕО) бірлесіп өткізілді. Ұлттық зерттеу мәліметтерін алу үшін екі зерттеуде бірдей көп сатылы стратификацияланған кластерлік іріктеу әдістері қолданылды. 2014 жылы зерттеу барысында жалпы жауап деңгейі 96,7% болатын 4425 сұхбат жүргізілді. 2019 жылы жауаптардың жалпы деңгейі 95,5% болатын 10 677 сұхбат жүргізілді. Қосымша ақпарат алу үшін GATS Қазақстан 2014 және 2019 ақпараттық бюллетендеріне жүгіну қажет.

GATS елдердің темекіге қарсы бағдарламаларды әзірлеудің, жүзеге асырудың және бағалау мүмкіндіктерін кеңейтеді. GATS зерттеуі сонымен қатар, елдерге Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) темекіге қарсы күрес жөніндегі Негіздемелік конвенциясына (ТҚНК) сәйкес ел ішінде және еларалық салыстырмалы деректерді жинаудың міндеттемелерін орындауға көмектеседі. ДДСҰ MPOWER құралын – ДДСҰ ТҚНК-дағы сұранысты азайту бойынша таңдамалы шаралардың техникалық жиынтығын дайындаған.



Monitor – темекі тұтынудың және оның алдын-алу саясаттын бақылау
Protect – адамдарды темекі түтінінен қорғау
Offer – темекіні пайдаланудан бас тартуға көмек көрсету
Warn – темекімен байланысты қауіптер туралы ескерту
Enforce – темекі тұтынуға арналған жарнамаға, сатуы ынталандыруға және демеушілікке салынған тыйымдардың сақталуын қамтамасыз ету
Raise – темекі өнімдеріне салықты арттыру

НЕГІЗГІ САЯСИ ӨЗГЕРІСТЕР


- 2014 жылдан бастап "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР Кодексінің "Темекі өнімдері мен алкогольді тұтынудың алдын алу және шектеу" туралы 159 бабына бірнеше түзетулер енгізілді, атап айтқанда:
 - «Темекі шегу» термині темекі өнімдерінің кең ауқымын (темекі шегу және түтінсіз темекі өнімдері) қамту үшін «темекі бұйымдарын тұтыну» терминімен ауыстырылды;
 - Насыбай (түтінсіз темекінің түрі) сатуға толықтай тыйым салу;
 - Темекі өнімдерінің орамасы мен таңбалауында зияндылығы төмен темекі өнімдері туралы жалған әсер қалдыратын немесе жемістермен, жидектермен және / немесе кондитерлік өнімдермен байланыстыратын адастырушы немесе жаңылыстыратын кескіндерге тыйым салу;
 - Темекіге демеушілікке ішінара тыйым салу.
- 2015 жылы Үкімет Қаулысымен бір қорап темекінің ең төменгі бағасы жыл сайын 5% - ға өсетіні анықталды. Салық кодексінің шеңберінде темекі өнімдеріне акциздік салық жыл сайын 19% - дан 30% - ға дейін көтерілді.
- Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 17 наурыздағы No18 шешіміне сәйкес, шегілетін темекі бұйымының қорабында денсаулыққа ескертуі бар кескіндердің стандартты жиынтығы орналастырылды және бұл кескіндердің мөлшері 40% -дан 50% -ға дейін ұлғайтылды.
- Жабық қоғамдық орындарда темекі шегуге тыйым салуды қамтамасыз ету үшін мәжбүрлеу шаралары қабылданды. Бұл шараларға қоғамдық орындарда темекі шегуге тыйым салу туралы қоғамның хабардарлығын арттыру, реттеуші органдардың қоғамдық көліктерде және басқа да қоғамдық орындарда бақылауды күшейту кіреді. Алайда, темекі шегуге арналған арнайы орындарды бөлу заңмен рұқсат етілген.
- Денсаулық сақтауды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында темекіге қарсы шаралар өткізілді.

НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР


- 2014 жылдан бастап 2019 жылға дейінгі кезеңде қазіргі темекі тұтынудың жалпы таралуында елеулі өзгерістер байқалмады (2019 жылғы 21,5% - бен салыстырғанда 2014 жылы 22,9%). Алайда, ерлер арасында темекі тұтынудың едәуір қысқаруы (43,4% - дан 38,3% - ға дейін) және әйелдер арасында айтарлықтай ұлғаю (4,5% - дан 6,4% - ға дейін) анықталды. Қазіргі темекі шегудің жалпы таралуының 2014 жылғы 22,4% - дан 2019 жылы 20,4% - ға дейін айтарлықтай төмендегені, бұл ретте ерлер арасында айтарлықтай төмендеу (42,4% - дан 36,5% - ға дейін) және әйелдер арасында маңызды өзгерістердің болмауы (4,5% - дан 6,0% - ға дейін) байқалды.
- Темекі түтінінің әсері 2014 жылдан бастап 2019 жылға дейін үйлерде (13,8% - дан 9,1% - ға дейін), жұмыс орындарында (19,1% - дан 11,4% - ға дейін), қоғамдық көлікте (18,1% - дан 9,0% - ға дейін), медициналық мекемелерде (9,7% - дан 2,8% - ға дейін) және мемлекеттік ғимараттарда (9,9% - дан 4,9% - ға дейін) айтарлықтай төмендеді. Темекі түтінінің әсері барлар мен түнгі клубтарға баратындардың арасында едәуір өсті (70,4% - дан 78,3% - ға дейін) және мейрамханаларға баратындардың арасында аздаған өзгеріс байқалды (27,6% - дан 24,3% - ға дейін).
- Соңғы 12 айда темекіні тастауға тырысқан темекі шегушілердің үлесі айтарлықтай өзгерген жоқ (2014 жылы 29,5%, 2019 жылы 32,1%). Денсаулық сақтау мамандарынан темекіні тастауға кеңес алған темекі шегушілердің пайызы айтарлықтай төмендеді, яғни 2014 жылғы 46,6% -дан 2019 жылы 36,0% -ға дейін.
- Қазіргі темекі шегушілердің 86,5% -ы темекі қораптарындағы денсаулыққа қатысты ескерту суреттерін байқады, бұл 2014 жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмен (94,8%). Зиянды ескертулерге байланысты темекіні тастау туралы ойлаған қазіргі темекі шегушілердің үлесі 2014 жылғы 51,3% -дан 2019 жылы 34,4% - ға дейін төмендеді.
- Жалпы, 2019 жылы ересектердің 21,3% - ы дүкендерде темекі өнімдерінің кез-келген жарнамасын немесе темекі сатылымын ілгерілетуді байқады, бұл 2014 жылмен салыстырғанда (15,4%) едәуір жоғары болды. Темекі өнімдерінің кез-келген жарнамасын, сатылымын немесе демеушілігін байқаған ересектердің жалпы пайызы 2014 жылғы 25,7% - дан 2019 жылы 35,8% - ға дейін айтарлықтай өсті, оның ішінде қазіргі темекі шегушілер арасында (29,1% - дан 43,8% - ға дейін) айтарлықтай өсті.
- 20 темекіні түзетілген орташа құны 2014 жылғы 346,3 қазақстандық теңгеден 2019 жылы 428,0 қазақстандық теңгеге дейін ұлғайды. Өнеркәсіпте өндірілген темекінің қазіргі шегушілері арасында темекіге жұмсалатын орташа айлық шығыстар 2014 жылғы 6637,6 қазақстандық теңгеден 2019 жылы 8897,4 қазақстандық теңгеге дейін айтарлықтай өсті.




М Қазіргі кездегі темекі тұтынудың¹ және темекі шегудің жыныс бойынша таралуы, Қазақстан, 2014 және 2019 жж.




Р Әр түрлі жабық жерлердегі темекі түтінінің әсері², Қазақстан, 2014 және 2019 жж.




О Соңғы 12 айда темекі шегуден бас тарту әрекеттері және медицина қызметкерлерінің темекіні тұтынуды тоқтату жөніндегі ұсыныстарының жыныс бойынша топтастырылуы, Қазақстан 2014 және 2019 жж.




Ш Соңғы 30 күнде қазіргі темекі шегушілер арасында темекі қораптарындағы денсаулыққа қатысты ескертулерді байқағандар және темекіні тастау туралы ойлағандар, Қазақстан, 2014 және 2019 жж.



Е Соңғы 30 күн ішінде темекі өнімдерінің жарнамасы/дүкендердегі темекі сатылымын ілгерілендіру³ және кез-келген жарнама немесе темекі өнімдеріне демеушілікті⁴ байқады, темекі шегу жағдайы бойынша топтастырылуы, Қазақстан 2014 және 2019 жж.



Г Өнеркәсіпте өндірілген 20 дана темекінің орташа құны және бір айда сигаретке жұмсалатын шығыстар көлемі қазақстандық теңгем⁵, Қазақстан, 2014⁶ және 2019 жж.



ЕСКЕРТУ: ¹Темекі өнімдерінің қазіргі тұтынуы қазіргі темекі шегуді, түтінсіз темекіні тұтынуды немесе қыздырылған темекіден жасалған бұйымдарды қолдануды қамтиды. Қыздырылған темекіден жасалған бұйымдарды қолдану сауалнамаға 2019 жылы енгізілген, 2014 жылы қолданылған жоқ. ²Темекі түтінінің әсеріне ұшырау көрсеткіштері келесідей есептеледі: Жұмыс орны: үйден тыс жерде жұмыс істейтіндердің арасында, әдетте үй-жайларда немесе үй-жайларда да, сыртта да жұмыс істейді; Үй жағдайлары: үйде темекі түтінінің айына кемінде бір рет асер етуі; Қалған барлық орындар: соңғы 30 күнде аталмыш орындарға барғандардың арасында. ³2014 жылға: сатылатын дүкендерде темекі жарнамасын байқағандарды қамтиды; темекінің сату бағасы; немесе темекі сатып алу кезінде басқа тауарларға тегін сыйлықтар / жеңілдіктер. 2019 жылға: темекі сатылатын дүкендерде темекі шегетін өнімдердің жарнамасын байқағандарды қамтиды; темекі сатылатын дүкендерде электронды темекі немесе қыздырылған темекі өнімдерінің жарнамасы; кез-келген темекі бұйымына немесе электронды темекіге сату бағасы; немесе темекі өнімдерін немесе электронды темекіні сатып алу кезінде басқа тауарларға тегін сыйлықтар / жеңілдіктер. ⁴2014 жылға: келесілердің кез-келгені байқалды: темекінің жарнамалануы, темекі шығаратын компаниялардың спорттық шараларға демеушілігі; темекі сатуы ынталандыру. 2019 жылға: келесілердің кез-келгені байқалды: темекі шегуге арналған темекі өнімдерінің кез-келген жарнамасы, электронды темекіге немесе темекіге арналған кез-келген жарнама; кез-келген темекі немесе электронды темекі өнімдерін насихаттайтын спорттық немесе музыкалық / театрлық / өнер / сан іс-шараларына демеушілік; кез-келген темекі өнімін немесе электронды темекіні кез-келген насихаттау. ⁵Рассчитывалось среди нынешних курильщиков сигарет промышленного производства. ⁶Шығындар туралы GATS Қазақстан 2014 зерттеулерінің деректері Халықаралық валюта қорының "Әлемдік экономиканың даму перспективалары" деректер базасынан (2019 жылғы қазан) орташа тұтыну бағалары үшін инфляция индексі пайдалана отырып, 2019 жылмен тікелей салыстыру үшін инфляцияны ескере отырып түзетілді. * Екі жыл арасындағы салыстырмалы өлшем р <0,05 жағдайында статистикалық маңызды болып саналатынын көрсетеді. Салыстырмалы өзгерісті 2-ші айналымдағы күтілген көрсеткіштің пайызы ретінде және ол 1-ші айналыммен салыстырғанда қалай азаяды немесе көбейетіндігімен түсіндіруге болады.

Қазіргі тұтыну деңгейі күнделікті тұтыну және күн сайын аз тұтыну. Ересектерге 15 және одан жоғары жастағы адамдар жатады. Деректер 15 және одан жоғары жастағы барлық институционалды емес ерлер мен әйелдер үшін ұлттық деңгейде өкілдікті қамтамасыз ету мақсатында өлшенді. Пайыздар әр топтың таралуы емес, әр топтағы әр көрсеткіштің таралуын көрсетеді. Таралуы мен орташа мәндерін бағалау нәтижелері онға дейін дөңгелектенеді (0,1), бірақ салыстырмалы өзгерістер дөңгелектенбеген бағаларды пайдалана отырып есептеледі.

Қаржылық қолдауды Bloomberg-тің темекі тұтынуды азайту бастамасымен Bloomberg Philanthropies бағдарламасы және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Дүниежүзілік Банктің 2019 жылғы 22 ақпандағы № SHIP-2.1 / CS-05 "Денсаулық сақтауды институционалды дамыту, инфляциялық емес аурулардың мониторингі және оларды басқару бойынша консультативтік қызметтер" келісім-шартын іске асыру шеңберінде "Әлеуметтік-медициналық сақтандыру" жобасы аясында ұсынды. АҚШ аурулары бақылау және алдын алу орталықтары (CDC), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) және RTI International техникалық көмек көрсетті. Бағдарлама CDC Foundation тарапынан қолдау тапты.

Осы ақпараттық бюллетеннің нәтижелері мен тұжырымдарын авторлар ұсынады және міндетті түрде CDC-тің ресми ұстанымын білдірмейді.